зерттеушілер имам Матуриди өз шығармаларында имам Ағзамның мынандай кітаптарын қолданғандығын анықтаған: ««әл-Фыкһул-әкбар», «әл-Фыкһул-әбсат», «Рисалату Әбу Ханифа ила Осман әл-Ветти», «Ваиету Әбу Ханифа ли-тилмизиһи Юсуф б. Халид әс-Семти».

Имам Матуриди бұл кітаптарды ұстаздары Әбу Насыр Ахмад ибн Аббас әл-Бейади, Ахмад ибн Ысқақ әл-Жұржани және Насыр ибн Яхия әл-Балхиден үйренгендігін, олар болса Әбу Сүлеймен Мұса әл-Жұржаниден үйренгендігін, әл-Жұржани ұстазы Мұхаммед ибн әш-Шайбаниден үйренгенін айтқан.

Зерттеуші Захид әл-Кәусари «Ишаратул-Мерам» атты шығармасының кіріспесінде былай дейді: «Мәуреннаһр өлкесі бидағат пен бұзықтықтан алыс бір өлке еді. Мұндағылар сүннетті берік ұстанатын. Бұл жерлерде хадистер ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде қалдырылатын. Алайда, имам Матуриди деген ғалым шығып, ол әрбір мәселеге өзінше дәлелдер келтіре бастады. Ол, шариғатты негізге ала отырып, ақылмен де үкім беретін».

Осы шығарманың тағы бір жерінде имам Матуриди туралы мынандай пікір айтылады: «Матуриди бұл шығармаларды (имам Ағзамның еңбектерін) өзінің еңбектерінде нақты дәлелдер келтірумен және жеке-жеке бөліп қарастырып түсіндірме жасаған».

Захид әл-Кәусаридің пікірінен біз имам Матуридидің имам Ағзамның сенімдік көзқарастарын терең зерттеп, оның ізбасары болғандығын ұға аламыз.

Имам Матуриди ден қоя зерттеген сенім мәселелеріне арнайы шығармалар жазды. Бұл шығармаларды қазақ халқа ежелден білім беру жүиесінде және діндi түсіндіру жолында көптеп қолданып отырған. Олардың кейбіріне тоқталайық: «Китабу тәуили-Құран», «Китабу меһазиш-шерай», «Китабул-жәдел», «Китабул-усулі фи усулид-дин», «Китабул-мекалат фил-калам», «Китабут-тәухид», «Редду әуайлил-әдилле лил-Каби», «Редду теһзибил-жәдел лил-Каби», «Китабу редди усулил-хамсе», «Редду китабил-Имаме», «әр-Ред алел-Карамита».

Имам Матуриди ақиқатты тануда барынша тиімді ойлауды мақсат етті, ақылмен шешіп қолдануда асыра сілтеушілікке ұрынбай, ақыл мен қисынды орнықты пайдалануымен ерекшеленеді. Ал, имам Әшғари мен оның мәзһабы нақлға (Құран мен сүннетке) көп мән беруімен өзгешеленеді. Осыған қарай, Матуридиді Мұғтазила мен Әшғари мәзһабының арасындағы мәзһаб деуге болады.

Имам Матуридидің ақылға жүгінуін шариғат шеңберінің негізінде деп ұққан жөн. Осы тұрғыда, ол ақылмен ақиқатты іздеуге жүрексініп, тек Құран мен сүннеттен ақиқатты іздеген салафи өкілдерімен пікірталастырды. Имам Матуриди салафи өкілдеріне қарсы екендігін «Китабут-тәуһид» атты шығармасында былай жеткізеді: «Ақылды терістеушілік шайтанның азғыруы болып табылады. Себебі, ақылды теріске шығарған адам, одан басқа ештеңеге жүгіне алмақ емес. Бұл біздің ақылға деген мұқтаждығымыздың дәлелі бола алады. Аллаһ тағала құлдарын ақылмен әрекет етуге шақырады. Ақиқатты ақылмен іздеуге әмір етіп, ғибрат алуды ұсынады. Бұл ақылдың негізгі қайнар-көздердің бірі екендігіне дәлел» .

Имам Матуриди ақылды дәлел келтірудің дербес қайнаркөзі деп бағалағанмен, ақыл жете алмайтын жәйттер де бар деп білді. Бірақ, оның бұл түсінігінен тек нақлға мән беретін салафи өкілдері секілді ақылдың дәрежесін тым төмендеткен жоқ. Керісінше, ол ақылмен әрекет ету барысында ақиқат арнасынан ауытқып кетпеуге барынша мән берді. Имам Матуриди бұл тұрғыдағы пікірін былайша сабақтайды: «Кімде-кім нақлмен бірге ықтиятты болуды терістесе, сондай-ақ, құпия ілімді (мутәшаббих) кемшілігі бар ақылмен анықтағысы келсе, онда ол адам ақылға оның



көтере алмайтын жүгін артқан болып, зұлымдық жасаған болып табылады».

Қазақ жерінде және орта Азияда кеңінен таралған Матуриди мазһабы меилінше орта жолды ұстануға тырысқан және дінді қарапайым халыққа түсінікті етіп көркем түрде жеткізе білген. Әл – Матуриди Ханафи мазһабының ақида мәселелерін дамытушы әрі толықтырушысы ретінде танымал. Оның салып кеткен мазһабын қазақ халқы он екі ғасырдан бері ұстанып осы жолмен жүріп келуде.

Қазіргі Қазақстанның діни білім беру жүйесі бойынша амалда Ханафи мазһабының көз – қарасы бойынша оқытылса, ал ақида мәселесінде негізгі дәлелге алынатын мектеп, ол Матуриди мазһабы болып табылады.

Сөзімізді қорыта келе мақаланың соңында мынандай ұсыныстар жасадым.

1. Матуридилік сенім жүйесіндегі діни және ғылыми еңбектерді ана тілімізге аудару және жарыққа шығару.

2. Діни білім алып жатқан жастарға Орталық Азия елдеріндегі ақидалық еңбектерді дәстүрлі діни құндылықтар негізінде білім беруді жетілдіру.

3. Ханафилік мектеп жүйесіндегі көрнекті ғылыми еңбектерін заманауи білім беру технологиялар негізінде оқу әдістемесін дайындау.

4. Исламтанушы және дінтанушы мамандардың ақидалық және мазхабтық дәстүрі, ғибадаттық ерекшеліктері және ұлттық дәстүрі мен діни құндылықтары бойынша діни және дінтанулық біліктіліктерін арттыру орталықтарын ашу.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1.Қазақстан Президентінің Құрбан айт мерекесімен құттықтау сөзі // Ислам және өркениет. – 2008. – 11-12 желтоқсан.
2.Ғарифолла Есім. Саяси философия. – Алматы, 2006. – Б. 248.
3.Жолдыбайұлы Қ. «Дін мен діл»- Алматы, 2011- 288бет
4.Algul H. Islam Tarihi. – Istanbul, 1982. – C. 2. – S. 77.
5.Бейсенов Б.Қ «Қазақ руханиятындағы ислам құндылықтары»- Алматы,2010. 26 бет
6.«Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 110 бет
7.Исламда саяси, и тикади, фықһи мәзһабтар тарихы» 183-187 беттер

**Мейрбаев Б.Б.**,
Философия ғылымдарының кандидаты,
әл- Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
**Жунисбеков Б.**,
ШТПКУ, дінтану мамандығы, 2 курс магистранты,
**Әскенұлы Е.**,
дінтану мамандығының 3 курс студенті

## Әл-Ғазалидің скептицизм арқылы діни ақиқатты тануы

Әл-Ғазали жайлы жазылған бұрынғы және кейінгі еңбектердің барлығы сондай-ақ жалпы зертеулердің дүйім көпшілігі оның фықһ, кәләм, сопылық, философия, ахлақ(этика) сияқты діни және рационалдық білімдерге жетіктігін, Исламдағы білім-ғылыммен ойшылдық тарихында теңдесі кездесе бермейтін ғалымдығы мен ойшылдығында ой тоғыстырады.

Әл-Ғазалидің осынау жан-жақтылығы, ғалымдығы, жоғары қабілеттілігі, бір нәрсені оңай қабылдай салмайтын сыншыл мінезі, танымға деген құмарлығы оны шын, және нақты білімге деген қызығушылыққа жеткізді. Шындықты табуға, оны